

Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) бекіту туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2022 жылғы 3 маусымдағы № 189 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 маусымда № 28378 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Орман кодексіне, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 587-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) бекітілсін:

- 1) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес шайыр және ағаш шырындарын дайындау үшін;
- 2) осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жанама орман пайдалану үшін;
- 3) осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес қосалқы сүрек ресурстарын дайындау үшін ;
- 4) осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар, ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіруге пайдаланғаны үшін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы

С. Ещанов

Мәслихаттың

2022 жылғы 3 маусымдағы

№ 189 шешіміне

1-қосымша

Шайыр және ағаш шырындарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

Орман пайдалану түрлері	Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері	
	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіштегі төлемақы мөлшерлемесі

Шайыр дайындау	гектар	1,784
Қайың шырынын дайындау	гектар	0,892

Мәслихаттың
2022 жылғы 3 маусымдағы
№ 189 шешіміне
2-қосымша

Жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Орман пайдалану түрлері	Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері	
		Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіштегі төлемақы мөлшерлемесі
1.	Шөп шабу, оның ішінде шабындық жерлердің сапалы жай-күйінің топтары бойынша:		
	жақсы	гектар	1,02
	қанағаттанарлық	гектар	0,765
	нашар	гектар	0,595
2.	Мал жаю, оның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларының топтары бойынша бір мал басының жайылымы:		
	ірі мал: ірі қара мал, жылқы	бір бас	0,476
	ірі қара малдың төлі	бір бас	0,238
	есек	бір бас	0,238
	ешкі	бір бас	0,416
	қой	бір бас	0,119
3.	Ара ұялары мен омарта орналастыру	1 омарта үшін	0,850

Мәслихаттың
2022 жылғы 3 маусымдағы
№ 189 шешіміне
3-қосымша

Қосалқы сүрек ресурстарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Ағаш және бұта тұқымдарының атауы	Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері	
		Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіштегі төлемақы мөлшерлемесі
1.	Қайың:		
	қабықтар	тонна	0,016
	бұтақтар	тонна	0,032
	томарлар	тонна	0,008

	тамырлар	тонна	0,048
	жапырақтар	тонна	0,024
	бұршіктер	килограмм	0,016
2.	Қарағай:		
	қабықтар	тонна	0,021
	бұтақтар	тонна	0,042
	томарлар	тонна	0,011
	тамырлар	тонна	0,063
	жапырақтар	тонна	0,032
	бұршіктер	килограмм	0,021
3.	Көктерек, терек:		
	қабықтар	тонна	0,011
	бұтақтар	тонна	0,022
	томарлар	тонна	0,006
	тамырлар	тонна	0,033
	жапырақтар	тонна	0,02
	бұршіктер	килограмм	0,011
4.	Бұталардың бұтақтары	тонна	0,024

Мәслихаттың
2022 жылғы 3 маусымдағы
№ 189 шешіміне
4-қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар, ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіруге пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Орманды пайдалану түрлері	Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері	
	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіштегі төлемақы мөлшерлемесі
Ұзақ мерзімді орман пайдалану		
Ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін	гектар	0
Аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін	гектар	0,850
Ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін	гектар	0,425
Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін	гектар	1,625
Қысқа мерзімді орман пайдалану		
Ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін	Адамнан әрбір болған күн үшін	0,1 айлық есептік көрсеткіш

Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін	Адамнан әрбір болған күн үшін	0,1 айлық есептік көрсеткіш
---	-------------------------------	-----------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК